



**Н.Б. Рахимов**

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,  
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

## **ДІНИ ҚЫЗМЕТТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ**

**Аннотация.** Мақалада адамның табиғи құқықтарының біріне жататын діни сенім бостандығын іске асырудың өзекті құқықтық мәселелері қарастырылады. Діни қызметті заңнамалық реттеудің отандық және шетелдік тәжірибесіне шолу жасалып, осы саладағы негізгі тенденциялар мен проблемалар ашып көрсетілді. Олардың қатарына діни азшылықтар құқықтарының сақталуына кепілдіктерді күшейту, діни сенім бостандығы мен экстремизмге қарсы күрес міндеті арасында оңтайлы тепе-теңдікті сақтау жатқызылды. Қазақстанның ар-ождан бостандығына құқықтың сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ету моделі халықаралық стандарттарға тұтастай алғанда сәйкес, алайда оның тетіктерінде кейбір олқылықтардың бар екендігі анықталды. Зерттеу нәтижесінде автор діни материалдарды таратуға қатысты Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңындағы кейбір нормаларды өзгертіп, қазіргі заман талабына сай бейімдеу қажеттілігін алға тартады.

**Түйінді сөздер:** дін; діни қызмет; ар-ождан бостандығы; діни іс-шара; діни бірлестік; діни азшылық; экстремизм; адам құқықтары.

**Н.Б. Рахимов**

*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,  
г. Косшы, Республика Казахстан*

## **КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ РЕЛИГИОЗНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ: КАЗАХСТАНСКИЙ И МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ**

**Аннотация.** В статье рассматриваются актуальные правовые вопросы реализации свободы вероисповедания, относящейся к естественным правам человека. На основе обзора отечественного и зарубежного опыта законодательного регулирования религиозной деятельности раскрываются основные тенденции и проблемы в этой сфере. К ним отнесены усиление гарантий соблюдения прав религиозных меньшинств, сохранение оптимального баланса между реализацией свободы вероисповедания и задачей борьбы с экстремизмом. Сделан вывод о том, что казахстанская модель обеспечения соблюдения и защиты права на свободу совести в целом соответствует международным стандартам, в то же время имеются отдельные недостатки в механизме этой деятельности. По результатам исследования относительно распространения религиозных материалов автор приходит к выводу о необходимости адаптации отдельных норм Закона Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» современным реалиям и изменениям в социуме.

**Ключевые слова:** религия; религиозная деятельность; свобода совести; религиозное мероприятие; религиозное объединение; религиозное меньшинство; экстремизм; права человека.

**N.B. Rakhimov**

*The Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan,  
Kosshy, the Republic of Kazakhstan*

## **CONCEPTUAL ISSUES OF LEGAL REGULATION OF RELIGIOUS ACTIVITY: KAZAKHSTANI AND INTERNATIONAL EXPERIENCE**

**Abstract.** The article discusses current legal issues related to the implementation of freedom of religion, which



is a natural human right. Based on a review of domestic and foreign experience in legislative regulation of religious activities, the article reveals the main trends and challenges in this area. These include strengthening guarantees for the rights of religious minorities, maintaining an optimal balance between the implementation of freedom of religion and the task of combating extremism. It is concluded that the Kazakhstani model of ensuring compliance with and protection of the right to freedom of conscience generally complies with international standards, but there are certain shortcomings in the mechanism of this activity. As a result of the study, the author draws attention to the need to adapt to modern realities and change certain provisions of the Law of the Republic of Kazakhstan "On Religious Activities and Religious Associations" regarding the distribution of religious materials.

**Keywords:** religion; religious activity; freedom of conscience; religious event; religious association; religious minority; extremism; human rights.

DOI: 10.52425/25187252\_2025\_38\_46

*Кіріспе.* Дін – адамзат өмірінің маңызды бөлігі, тамырын тереңге жайған рухани құндылық. Оның адамгершілік, ізгілік, көркем мінез, әділдік жөніндегі қағидалары, теріс қылық пен қылмыстарға қарсы ырым-тыйымдары қазіргі заңдардың ережелерімен үндеседі. Бұл жағынан дәстүрлі дін мен құқықтың түпкі мақсаты бір – жалпыға ортақ жағымды мінез-құлық үлгісін белгілеп, қоғамдық тәртіпті қорғау екенін аңғарамыз.

Қазақстанда діндердің таралу тарихына үңілсек, бұл істе мәжбүрлеу болмаған. Негізінен адамдар оны өз еркімен, саналы түрде қабылдаған. Мұның себебі дәстүрлі діндердің бейбітшілік, татулық идеяларына негізделуінде жатыр.

Қазіргі заманда заң талаптарымен салыстырғанда, діни ережелер мен рәсімдердің міндеттілік күші жоқ. Дегенмен, олардың көптеген өмірлік мәселелерді әлеуметтік реттеуші рөлі сақталып келеді. Мысалы, қоғамдық денсаулық пен неке, отбасы институтын сақтауға бағытталған алкогольді өнімдерді тұтынуға, зина жасауға тыйымдарды тек дін қарастырады.

Осыған байланысты, ар-ождан бостандығының құрамдас бөлігі болып табылатын діни сенім бостандығы адамның басты конституциялық құқықтарының бірі ретінде әрқашан заңның қорғауында болмақ.

Қолданыстағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы Заңының 3-бабына сай, ар-ождан бостандығына құқық әркімнің заң нормаларын сақтай отырып діни немесе өзге де нанымдарды ұстану, оларды тарату, діни бірлестіктердің қызметіне қатысу

және миссионерлік қызметпен айналысу мүмкіндігін білдіреді. Еліміздің зайырлы сипатын ескерсек, бұл демократиялық қағиданың мазмұны дінге сену не сенбеу, заңға қайшы келмейтін басқа идеологиялық көзқарасты ұстану еркіндігін қамтиды.

Мемлекетіміздің аталған саладағы салмақты саясаты жеке тұлға және ұйым деңгейінде конституциялық кепілдіктер бере отырып, конфессияаралық татулық пен төзімділікті сақтауға және нығайтуға бағытталған.

Бұл бір жағынан, Қазақстанның ар-ождан бостандығының сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық міндеттемелерінен туындаса, екінші жағынан, дінді қате ұғынып, деструктивті көзқарастар мен іс-қимылдарға алып келетін экстремизм және терроризм қатерлеріне қарсы тұру қажеттілігімен байланысты.

Әйтсе де, қарастырылып отырған тақырып бойынша ғылыми-талдау материалдарына және кейінгі ресми-мемлекеттік дереккөздерге зер салсақ, бұл демократиялық институтты іске асырудың заңды тетіктерінде бірқатар шектеуші факторлардың бар екендігін, оларды шетелдік тәжірибе негізінде еңсеру қажеттілігінің пісіп-жетілгенін байқауға болады.

*Материалдар мен әдістер.* Ғылыми ізденіс барысында тақырыпты тереңірек ашу үшін салыстырмалы-құқықтық талдау, синтез, жалпылау әдістері және логикалық тәсіл қолданылды.

Бұл қарастырылып отырған мәселелердің маңызды жақтарын анықтауға және теориялық тұрғыдан негіздеуге, атап айтқанда, саяси-құқықтық құжаттарды, мамандардың



көзқарастарын зерделеу нәтижесінде діни қызметпен байланысты қоғамдық қатынастарды реттеудің халықаралық тәжірибесімен танысуға және оны біздің елдегі жағдаймен салыстыруға, бірқатар тұжырымдар жасауға және ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу пәні арнайы нормативтік құқықтық актілер, ғылыми әдебиеттер және басқа да ақпараттық-талдау материалдары болды.

*Нәтижелер, талқылау.* Еліміздегі діни қызмет пен діни бірлестіктерге қатысты құқықтық саясаттың кейбір тұстарын қайта қарау туралы пікірлер ғылыми ортада айтылып келеді.

Л.С. Шыңғысбаев Қазақстандағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың қалыптасуы мен даму кезеңдерін талдай келе, халықаралық сарапшылар тарапынан айтылып жүрген сынға байланысты қазіргі заңнаманы діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі тұрғысынан әрі қарай жетілдіру қажеттілігін алға тартадым [1].

Н.В. Филина мемлекеттің діни бірлестіктер қызметін жіті бақылауын қоғамды сырттан келетін дәстүрлі емес, кері бағыт ұстанатын ағымдардан, радикализмнен қорғау қажеттілігімен түсіндіре келе, осы саладағы проблемаларды қатаң әкімшілік шаралармен шешу мүмкін емес, мұндай тәсіл заңға бағынатын ұйымдардың мүдделерін бұзады, сондықтан азаматтардың діни сенім бостандығын қорғауға баса назар аудару керек деген пікір айтады [2, 417 б.].

Осыған ұқсас көзқарасты Р.А. Подопригора да білдірген, ол дін саласын заңнамалық реттеудің екі кезеңін (либералды және тыйым салу) қарастыра отырып, қазіргі уақытта көбінесе біржақты әкімшілік тәсілден алшақтап, мәселелерді демократиялық жолмен шешуге бетбұрыс жасауға итермелейтін келесі факторларды көрсетеді: Қазақстанның абыройы мен беделіне ықпал ететін халықаралық міндеттемелері (соның ішінде бірінші кезекте адам құқықтарымен байланысты) және аймақтық бәсекелестік, атап айтқанда, көрші елдердегі либерализация үрдістері [3].

Діни қызметтің құқықтық негіздерін әрі қарай реформалау қажеттілігі туралы жоғарғы

республикалық деңгейде де айтылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің басшылығымен 2025 жылғы 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың қорытындысы бойынша өкілетті мемлекеттік органдарға діни бірлестіктер қызметін реттеудің халықаралық практикасын зерделеу және заңнамаға өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстар әзірлеу тапсырылды.

Осыған орай, қарастырылып отырған тақырып төңірегінде отандық және шетелдік тәжірибеге шолу жасап, қоғам үшін маңызды іске қолдан келгенше ат салысуды жөн көрдік.

Мұндағы мақсат – діни қызметті құқықтық реттеу практикасының тұжырымдамалық мәселелерін, осы бағытта қалыптасқан тенденцияларды анықтап, заңнаманы жетілдіру перспективаларын пысықтау.

Талдау көрсеткендей, Қазақстан Республикасының діни қызмет саласындағы заңнамасы халықаралық стандарттарға айтарлықтай сәйкес келеді.

1948 жылғы 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (бұдан әрі – АҚЖБД) ар-ождан мен дін бостандығы құқығын жариялаған алғашқы халықаралық құжат болып табылады.

АҚЖБД-ның 18-бабында былай делінген: «Әр адамның ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар; бұл құқық өз дінін немесе наным-сенімін өзгерту еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі, немесе басқа адамдармен бірігіп тұтып, жария түрде, немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды.»

Осы бап ар-ождан мен дін бостандығы құқығын халықаралық деңгейде танудың негізін қалап, келесі халықаралық құжаттарды әзірлеудің бастамасы болды.

1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (бұдан әрі – АСҚХП) 18-бабына сәйкес «әрбір адамның ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар. Бұл құқық дінге сену немесе дінді қабылдау және наным-сенімін өз қалауынша таңдап алу еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі немесе басқа адамдармен бірігіп тұту бостандығын, жария түрде немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни



және наным-сенім мен ілім салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды.».

Пактіде сонымен қатар өз дінін немесе наным-сенімдерін ұстану құқығына шектеулер тек заңмен және қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, денсаулықты, адамгершілікті немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажет болған жағдайда ғана қойылуы мүмкін екендігі қарастырылған.

Осыған ұқсас ережелер 1950 жылғы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияда да бар.

1981 жылы 25 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Дін немесе наным-сенім негізіндегі шыдамсыздықтар мен кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою туралы БҰҰ Декларациясының 1-бабына сай, әрбір адамның ой, ұят және дін бостандығына құқығы бар. Бұл құқық өз таңдау бойынша кез келген сипаттағы дінге немесе наным-сенімге ие болу бостандығын және өз дінін тұту бостандығын және дін ғұрыптарын ұстануда, діни және салттық дәстүрлер мен оқуларды орындауда жария түрде немесе жеке тәртіпте дербес немесе өзгелермен бірігіп, наным-сенімін білдіру құқығын қамтиды. Ешбір адам өз қалауы бойынша дінді немесе наным-сенімді ұстану бостандығын кемсітетін зорлыққа душар болмауы тиіс. Дінді ұстану немесе наным-сенімді білдіру бостандығы заңмен бекітілген және өзге адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қоса алғанда, қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, денсаулық пен моральді қорғау үшін қажетті шектеулерге ғана жатады.

Декларацияның 3-бабына сай, дін немесе наным-сенім негізінде адамдарды кемсіту адами тұлғаның абыройын қорлау және БҰҰ Жарғысының принциптерін мойындамау болып табылады және АҚЖБД-да жария етілген және Адам құқықтары туралы халықаралық пактілерде егжей-тегжейлі мазмұндалған адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын бұзу ретінде, сонымен қатар мемлекеттер арасындағы достық әрі бейбіт қарым-қатынастардың кедергісі ретінде кінәратталады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабына сай, әркімнің ар-ождан

бостандығына құқығы бар. Осы құқықты жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс.

Негізгі Заңымыздың 39-бабының 3-тармағында көрсетілгендей, белгілі бір дінді немесе өзге де көзқарастарды ұстану мүмкіндігін қамтитын ар-ождан бостандығына құқық ешбір жағдайда шектелуге жатпайды.

Осылайша, халықаралық құжаттарға қарағанда, Қазақстан Республикасында қарастырылып отырған конституциялық құқық абсолютті сипатқа ие. Десек те, ҚР Конституциясының 5, 14, 20-баптарының нормаларына сүйенсек, діни қызметке конституциялық құрылысты, мемлекеттің тұтастығын, қоғамдық қауіпсіздікті қорғау, діни алауыздықты қоздыруға жол бермеу мақсатында талаптар мен шектеулер белгіленуі мүмкін.

Ой, ар-ождан және дін бостандығы құқығы әлемнің көптеген елдерінің ұлттық заңнамаларында бекітілген.

Алайда, оны сақтауды қамтамасыз етудің құқықтық моделі әр өңірде әртүрлі және тарихи, мәдени, діни және құқықтық дәстүрлерге, әлеуметтік-экономикалық жағдайларға, демократия деңгейге және халықаралық міндеттемелерге байланысты.

Мысалы, АҚШ-та (американдықтардың 70%-ы дінді өмірінің маңызды бөлігі деп санайды) дін бостандығы құқығы Конституцияға бірінші түзетуде бекітілген. Бұл құқық еркіндік пен тәуелсіздік қағидаттарына негізделген елдің тарихымен тығыз байланысты. АҚШ дәстүрлі түрде өзін діни бостандық деңгейі жоғары қоғам ретінде көрсетеді, бұл көптеген қоныс аударушылар діни қуғын-сүргіннен пана іздеген отарлау тарихымен түсіндіріледі. Діни төзімділік пен плюрализмнің қалыптасқан мәдениеті АҚШ-ты әлемдегі ең көпұлтты және көпконфессиялы елдердің біріне айналдырды. Діннің саяси өмірге және заң шығаруға әсерін азайтатын шіркеу мен мемлекеттің бөліну (секуляризация) принципі маңызды рөл атқарады.

Германияда (халықтың шамамен 55%-ы христиан дінін ұстанады) діни



сенім бостандығына құқық Негізгі Заңда бекітілген (Grundgesetz) және екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан өткен трагедиялардың қайталануын болдырмауға деген ұмтылысты көрсететін адам құқықтарын қорғаудың кең жүйесінің бөлігі болып табылады. Неміс тәжірибесі діни азшылықтарды қорғауға және теңдікті қамтамасыз етуге деген күшті ниетті көрсетеді.

Франция (француздардың 40%-ы өздерін дінге сенбейтіндерге жатқызады) 1905 жылғы секуляризм (зайырлылық) туралы заңда бекітілген шіркеу мен мемлекеттің қатаң бөліну қағидатымен танымал. Бұл - француз революциясынан бастап мемлекет пен шіркеу арасындағы ұзақ қақтығыстардың нәтижесі. Ар-ождан бостандығына Конституция кепілдік береді, бірақ сонымен қатар мемлекет зайырлылық идеясын белсенді түрде қолдайды, бұл кейде мектептерде діни рәміздерді ұстап жүру сияқты діни нанымдардың жария көріністеріне қатысты шектеулерге әкеледі. Осындай жағдай дін бостандығының шекаралары және жеке құқықтар мен қоғамдық тәртіп арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтау керектігі туралы пікірталастарға әкеледі.

Үндістан (халқының 79,8%-ы индуизмді ұстанады) – әлемдегі ең көпұлтты және көп конфессиялы елдердің бірі, онда діни сенім бостандығына құқық әлеуметтік тұрақтылықты сақтау үшін өте маңызды. Үндістан Конституциясы бұл құқыққа кепілдік береді, бірақ күрделі әлеуметтік құрылым мен тарихи мұра жиі дінаралық қақтығыстарға әкеледі. Үндістан барлық діни топтарға, әсіресе мұсылман азшылығына тең құқықтарды қамтамасыз етуде және діни бостандықтарды жүзеге асыруға әсер ететін касталық жүйеге қатысты мәселелермен бетпе-бет келіп отырады.

Түркия (халықтың 99%-ы исламды ұстанады) – бұл Конституциямен дін бостандығына кепілдік берілген, бірақ ислам қоғамдық және саяси өмірде доминантты рөл атқаратын ерекше жағдай. 1923 жылдан

бастап зайырлылықтың (лаицизм) тарихи қалыптасқан принципі мемлекеттік саясаттың маңызды элементі болды, бірақ соңғы жылдары саясаттағы діни ықпалдың күшеюі байқалды.

Ой, ар-ождан және дін бостандығы құқығы заңнамада бекітілмеген немесе айтарлықтай шектелген елдер де бар, бұл әдетте бір діннің (көбінесе исламның) үстемдігімен және оны мемлекеттік идеологияның негізгі элементі ретінде қолданумен байланысты. Мұндай мемлекеттер діни бостандықты өздерінің діни және саяси құрылымына (Сауд Арабиясы, Ауғанстан және т.б.) қауіп деп санайды<sup>1</sup>.

Діннің маңыздылығын көптеген елдер әртүрлі жолдармен атап көрсетеді, (мысалы белгілі бір діннің мемлекеттік (ресми) мәртебесін конституцияда бекіту арқылы). Тіпті бірқатар мемлекеттердің атауы да (Пәкістан Ислам Республикасы, Мавритания Ислам Республикасы, Комор Федералды Ислам Республикасы) дінмен байланысын көрсетеді.

Мысалы, Пәкістан Конституциясының кіріспесінде бұл елдің шарифатқа негізделген ислам мемлекеті екендігі жарияланған. Сондықтан шынайы өмірде қоғамның мұсылман емес топтарының сенім бостандығына жеткілікті көңіл бөлінбей, кей жағдайда діни азшылықты (халықтың 2-4%) қудалау жағдайлары да орын алған [4].

Сауд Арабиясының 1992 жылғы Мемлекеттік басқару туралы негізгі заңында ислам ресми дін деп танылып, сенім бостандығы қарастырылмаған. Бұл елдің терроризмге қарсы заңнамасы атеистік идеяларды насихаттауға, ислам дінінің негіздеріне қандай да бір күмән келтіруге тыйым салып, мұндай әрекеттер үшін жауаптылық белгілейді<sup>2</sup>.

*Ұлттық заңнамаға тағылған сын және проблемалар.* Қазақстан Республикасының діни қызмет саласындағы мемлекеттік-құқықтық саясатына қатысты жарияланымдар мен пікірлерді талдау ең жиі көтерілетін мәселелер діни ұйымдарды тіркеу, діни іс-шараларды өткізу тәртібі, сондай-ақ діни

<sup>1</sup> Свобода религии и убеждений в Казахстане: векторы законодательного обновления [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://nepfund.org/tpost/dbr817jmk1-svoboda-religii-i-ubezhdenii-v-kazahstan> (жүгінген күні: 16.06.2025).

<sup>2</sup> 2021 Report on International Religious Freedom: Saudi Arabia // USDOS – US Department of State (Author) [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: (<https://www.ecoi.net/en/document/2074109.html>) (жүгінген күні: 16.06.2025).



материалдарды тарату екендігін көрсетеді.

Діни ұйымдарды міндетті түрде тіркеу – әлемнің көптеген елдерінде кең таралған стандартты тәжірибе. Бұл тіркеу заңды тұлға мәртебесін және діни қызметті жүзеге асыру, мүлікке иелік ету және діни рәсімдерді өткізу құқықтарын алу үшін қажет. Тіркелмеген діни ұйымдар, әдетте, ресми түрде жұмыс істей алмайды және сәйкесінше санкцияларға ұшырауы мүмкін.

Сонымен бірге әлемдегі кей елдерде, мысалы, Австралия, Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Нидерланды, Жаңа Зеландияда діни ұйымдар міндетті мемлекеттік тіркеусіз жұмыс істей алады және жиналыстар өткізе алады. Мұндай елдерде мемлекет діни бірлестіктерге ресми тіркеуден өтпей-ақ конституциямен немесе басқа заңдармен кепілдендірілген құқықтар негізінде әрекет етуге мүмкіндік береді. Тіркеу тек заңды тұлға мәртебесін және салық жеңілдіктерін алу үшін қажет.

Көптеген елдерде діни ұйымдарды тіркеу мерзімі талаптардың күрделілігіне, мемлекеттік бюрократия деңгейіне және ұсынылған құжаттардың толықтығына байланысты бірнеше аптадан бір жылға дейін созылады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өткен діни бірлестіктер қызметіне рұқсат етіледі. Бұл орайда айтылатын негізгі сын – оларды құру тәртібінің қиындығы, атап айтқанда, оған қажетті азаматтар санының тым көптігі (мысалы, жергілікті діни бірлестік құру үшін кем дегенде 50 адамның бастамасы қажет).

Біздің ойымызша, бұл айтарлықтай өткір проблема емес. Қандай да бір дінді насихаттап, тарату әлеуметтік топтар арасында жеткілікті сұраныс болған жағдайда ұйымдастырылған түрде жүргізіле алады.

Қазақстандағы діни ахуал дамуының басты үрдістерінің бірі – қоғамның діндарлығының өсуі. Ақпарат және мәдениет министрлігінің Дін істері комитеті 2024 жылы жүргізген

зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, халықтың 86,3%-ы өздерін сенушілер деп анықтады.

2021 жылғы санақ деректері халықтың 69,3%-ы исламды, ал 17,2%-ы христиандықты ұстанатынын көрсетті. Елде 18 конфессияның мүддесін білдіретін 3980 діни бірлестік тіркелген. Оның ішінде: 2832 – ислам, 347 – православие, 93 – католик, 593 – протестант және басқалар<sup>3</sup>.

Қазақстанда жиі талқыланатын тағы бір мәселе – діни іс-шараларды өткізуге заңда көзделген рұқсатты алу қажеттілігі.

Мұндай рұқсатты алу туралы талап бірқатар елдердің (Франция, Ресей, Түркия, Египет, Сауд Арабиясы, Қытай және т.б.) заңнамасында жазылған.

Жапонияда ғибадатханалар мен қасиетті орындар сияқты ресми ғибадат орындарында діни іс-шараларды өткізуге рұқсат қажет емес. Егер іс-шаралар қоғамдық тәртіпті бұзбаса, заңнама діни бостандықтарды қорғайды.

Австралияда егер іс-шаралар қоғамдық орындарда өткізілсе, жергілікті билік органдарына хабарлау қажет болуы мүмкін, бірақ жеке кеңістіктерде рұқсат қажет емес. Австралия Конституциясы кез-келген дінді енгізу немесе еркін қабылдауға кедергі жасау туралы заңдар шығаруға тыйым салады<sup>4</sup>.

Діни іс-шараларды өткізу тәртібіне қатысты осындай ережелер біздің елде де бекітілген.

Сонымен, жүргізілген салыстырмалы шолу көрсеткендей, демократиялық жүйелер арасында Қазақстан діни қызмет бостандығын жүзеге асыруды құқықтық реттеудің тұжырымдамалық ерекшеліктерімен күрт дараланбайды.

Алайда, адамның аталған құқығын іске асыру тетіктеріне келгенде, эволюциялық жолмен қайта қарап, түзету енгізетін тұстар да бар. Кейінгі кезде қалыптасқан сыни көзқарасқа сай, Қазақстан және өзге де бұрынғы кеңестік елдер үшін ортақ проблема – дінді саяси құрылымға және мәдени бірегейлікке қауіп төндіреді деп түсіну<sup>5</sup>.

<sup>3</sup> Развитие религиозной ситуации в Казахстане: основные тренды [Электрондық ресурсы] – Айналыс режимі: (<https://religions-congress.org/ru/news/povosti/2727>) (жүгінген күні: 16.06.2025).

<sup>4</sup> Свобода религии и убеждений в Казахстане: векторы законодательного обновления [Электрондық ресурсы] – Айналыс режимі: <https://nepfund.org/tprost/dbr817jmk1-svoboda-religii-i-ubezhdenii-v-kazahstan> (жүгінген күні: 16.06.2025).

<sup>5</sup> Что не так с законодательством о религии в Казахстане? [Электрондық ресурсы] – Айналыс режимі: <https://cabar.asia/ru/chto-ne-tak-s-zakonodatelstvom-o-religii-v-kazahstane> (жүгінген күні: 16.06.2025).



Мұндай ұстаным діни сенім бостандығы құқығын өркениетті шеңберде барынша іске асыруда кедергілер туғызады.

Солардың бірі діни материалдарды таратуға қатысты. Бұл салада құқықтық сипаттағы мынадай проблемаларға назар аудардық.

1. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабының 2-тармағы бойынша діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды мына жерлерде ғана таратуға жол беріледі:

- ғибадат үйлерінде (ғимараттарында);
- діни білім беру ұйымдарында;

- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары арнайы белгілеген тұрақты үй-жайларда.

Біздің ойымызша, бұл норма ескірген және қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған заман талабына толық жауап бермейді.

Мәселен, Заңның аталған ережесін қатаң басшылыққа алсақ, дәстүрлі дін қағидаларын көпшілікке онлайн-платформалар арқылы түсіндіру, имамның теле-, аудиосұхбат беруі немесе интернетте діни заттарды сатуға қою күмәнді, тіпті құқыққа қайшы болуы мүмкін. Себебі осы іс-әрекеттер рұқсат етілмеген үй-жайларда орын алған болып саналады.

Сондықтан, діни материалдарды тарату құқығы арнайы субъектілерге берілгенін және олардың мазмұны сараптамада алдын ала тексерілетінін ескеріп, аталған заң нормасын қазіргі өмірге бейімдеп, жаңартқан дұрыс деп санаймыз.

2. Заңның аталған бабындағы және 1-бабы 4)-тармақшасындағы «діни мазмұндағы ақпараттық материал» ұғымын кеңінен түсіндіруге болады («кез келген материалдық жеткізгіштегі діни сипаттағы баспалық, электрондық және өзге де ақпарат») – формалды-заңды түрде бұған діни сипаттағы кез-келген ақпарат жатады.

Заңның 9-бабының ережелеріне сай, діни мазмұндағы ақпараттық материалды таратуға дінтану сараптамасының оң қорытындысын алынғаннан кейін жол беріледі.

Біздің пікірімізше, осы жағдай адамның

ойлау, ар-ождан және дін бостандығына құқықтарын шектейді, өйткені, діннің көпшілікке мәлім ырым-тыйымдарын, ізгілікке шақыратын тұжырымдарын жариялау, тіпті діни мерекемен құттықтап сөйлеу де діни мазмұндағы ақпараттық материалға жатады.

ҚР Конституциясының 20-бабының 3-тармағына сүйенсек, қарастырылып отырған жағдайларда пікір білдіру мүмкіндігі діни артықшылықты насихаттауға немесе үгіттеуге жол бермеу үшін шектелуі мүмкін.

Біздің ойымызша, діни мазмұндағы материалға дінмен байланысты кез келген ақпарат емес, оның негізгі догмалары, идеялары, көзқарастары мен тәжірибелері туралы ақпарат жатуы керек. Яғни, бұл – Заңның 1-бабы 4-1)-тармақшасында анықтамасы берілген «діни ілімді тарату» ұғымын сипаттайтын элементтер. Мазмұнында осындай белгісі жоқ және экстремизмге, кемсітушілікке қарсы заң талаптарына қайшы келмейтін ақпараттарды таратуға шектеу қою қисынсыз әрі сөз бостандығын бұзады.

Діни сипаттағы кез келген мәліметті таратуға тыйым дінге сенетін не сенбейтін азаматтардың тең құқылығын бұзады, өйткені атеистік көзқарастарды тарату үшін заңды жауаптылық жоқ, ал діни ақпарат тарату жағдайлары ҚРӘҚБТК-нің 490-бабы 1-тармағының 3)-тармақшасымен қамтылады.

Баяндалғанның негізінде, Заңның 1-бабының 4)-тармақшасын мынадай жаңа редакцияда жазу орынды болып көрінеді:

«4) діни мазмұндағы ақпараттық материал – діни ілімді таратуға бағытталған кез келген материалдық жеткізгіштегі діни сипаттағы баспалық, электрондық және өзге де ақпарат;».

*Қорытынды.* Сонымен, жоғарыда келтірілген деректер мен ой-пікірлерді былайша түйіндеуге болады.

Қазіргі уақытта діни қызмет саласында әлемде мынадай негізгі тенденциялар байқалады: діни азшылықтар құқықтарының күшеюіне, діни төзімділіктің, конфессияаралық қатынастарда үйлесімнің өсуіне ерекше көңіл бөлу; осы бағытта қандай да бір кемсітушілікке қарсы тұру; діни сенім



бостандығы мен экстремизмге қарсы күрес міндеті арасында оңтайлы тепе-теңдікті сақтау.

Түрлі ұлттық деңгейде діни экстремизм мен кемсітушіліктің алдын алуға бағытталған стратегиялар әзірленіп, жетілдірілуде. Қазақстан бұл үдерістен тыс қалған жоқ: заңнамада діни бірлестіктерді және

миссионерлік қызметті мемлекеттік тіркеу, діни жоралар мен рәсімдер атқару, ғибадат үйлерінен тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізу институттары және т.б. қарастырылған. Бүгінгі таңда олардың кейбір тұстарын халықаралық демократиялық стандарттарға жақындату бағытында бастамалар көтеріп, ізденістер жүргізу – заман талабы.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шынгысбаев, Л.С. К вопросу о развитии государственно-конфессиональных отношений в Республике Казахстан // 2020 [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://bulletin-socpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/132/398> (жүгінген күні: 16.10.2025).
2. Филина, Н.В. Правовое регулирование государственно-конфессиональных отношений в Республике Казахстан / Н.В. Филина // Образование и право. – 2021. – № 9. – С. 412-418.
3. Подпригора, Р.А. Правовое регулирование в сфере религии в постсоветском Казахстане: подходы и последствия / Р.А. Подпригора // Реформы конца XX – начала XXI в. на постсоветском пространстве: региональный аспект. – 2020. – № 1. – С. 323-329.
4. Zaman, T. Freedom of Religion for Non-Muslims in Islam: A Pakistani Affair / T. Zaman // Law and Humanities Quarterly Reviews. – 2022. – Vol.5. № .2. – Pp. 127-134.

#### References:

1. Shyngysbaev, L.S. K voprosu o razvitiі gosudarstvenno-konfessional'nyh otnoshenij v Respublike Kazahstan // 2020 [Jelektronдық resurs] – Ajnalys rezhimi: <https://bulletin-socpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/132/398> (zhygingen kyni: 16.10.2025).
2. Filina, N.V. Pravovoe regulirovanie gosudarstvenno-konfessional'nyh otnoshenij v Respublike Kazahstan / N.V. Filina // Obrazovanie i pravo. – 2021. – № 9. – S. 412-418.
3. Podprigora, R.A. Pravovoe regulirovanie v sfere religii v postsovetskom Kazahstane: podhody i posledstviya / R.A. Podprigora // Reformy konca XX – nachala XXI v. na postsovetskom prostranstve: regional'nyj aspekt. – 2020. – № 1. – S. 323-329.
4. Zaman, T. Freedom of Religion for Non-Muslims in Islam: A Pakistani Affair / T. Zaman // Law and Humanities Quarterly Reviews. – 2022. – Vol.5. № .2. – Pp. 127-134.

#### **АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS**

**Нұрғали Берікұлы Рахимов** – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Кәсіби оқыту институты жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл бойынша арнайы даярлау кафедрасының доценті, заң ғылымдарының магистрі, e-mail: [nurgali.83@inbox.ru](mailto:nurgali.83@inbox.ru).

**Рахимов Нурғали Берикович** – доцент кафедры специальной подготовки по противодействию глобальным угрозам Института профессионального обучения Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, магистр юридических наук, e-mail: [nurgali.83@inbox.ru](mailto:nurgali.83@inbox.ru).

**Rakhimov Nurgali Berikovich** – Associate Professor of the Department of Special Training in Countering Global Threats at the Institute of Professional Training of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Master of Law, e-mail: [nurgali.83@inbox.ru](mailto:nurgali.83@inbox.ru).